

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Дайындық орталығы
Оқу-әдістемелік комитет кеңесінің
№5 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

31.01.2025 ж.

Қатысқандар: А.Зөхре, Б.Айтбаев, А.Бегділла, А.Мырзаханова, Б.У.Атикол, Р.Шафигулина, Ү.Ыбыраева, М.Шайхыстамова, Ш.Хамидова, Н.Эргашева

Қатыспағандар: -**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Бөлімдердегі оқу-әдістемелік жұмыстардың жартыжылдық есебін талқылау.
(ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева, ОӘК мүшелері)
2. Ашық сабақ, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы (ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)
3. Біліктілікті арттыру мақсатындағы оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысы (ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)
4. Бөлімдердегі оқытушы-профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының орындалу барысы туралы (ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)
5. Өртүрлі мәселелер (ОӘК мүшелері)

ТЫНДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөлімдерден алынған жартыжылдық есептерді қорытындылай келе, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева жалпы орталықтың жартыжылдық оқу-әдістемелік жұмыстарының есебін баяндады: «Есеп бойынша орталықта 3 ашық (мастер класс, ақылдасу) сабағы, 7 оқу-әдістемелік семинар, өзара сабаққа қатысу саны – 13. Сонымен қатар, 3 оқу құралы университеттің ОӘК мен Сенат мәжілісінің күн тәртібінде қаралып, мақұлданды. Біліктілік арттыру бағытында Назарбаев университеті тарапынан Назарбаев университеті Қазақ тілі және Түркітану департаментінің қауымдастырылған профессоры З.Жұматаеваның лекторлығымен университет кампусында өткізілген «Тіл оқыту мен зерттеу жұмыстарында жасанды интеллект негізіндегі цифрлық технологияларды қолдану әдістемесі» атты отандық және шетелдік тәжірибелерге негізделген 72 сағат сағат көлеміндегі біліктілік арттыру курсынан орталық ОПҚ біліктілік арттырды. Оған қоса университетіміздің Біліктілік арттыру орталығының ұйымдастыруымен орталық оқытушылары кезең-кезеңімен Инклюзивті білім беру бойынша біліктілік арттыруда».

ШЕШІМ: 1. Бөлімдер мен орталық ОӘК оқу-әдістемелік жұмыстарының жартыжылдық есебі бекітілсін. (Жауапты - ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева, бөлім басшылары)

2. Күн тәртібіндегі ашық сабақтар жоспарының орындалу барысы туралы ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева: «2024-2025 оқу жылының желтоқсан, қаңтар айларына жоспарланған ашық сабақтар толығымен орындалды. Ашық сабақтарға бөлімдерден оқытушылар мен ашық сабақтардың сарапшылары қатысты. Ашық сабақтар бағалау кестесі бойынша бағаланып, талдау хаттамаларында сабақ жоспарына сәйкес тақырыптың толық ашылуы, теорияның практикамен байланыстылығы, инновациялық және интерактивті әдістерді қолдануы, сабақтың жетістіктері мен кемшіліктері, оқытушының кәсіптік және іскерлік шеберлігін арттыру үшін ұсыныстар мен қорытынды пікірлер толтырылды. Ашық сабақтардың хаттамасы бағалау кестесіне сәйкес берілді».

Ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтардың өтілуі туралы

1-кесте

№	Бөлімі	Пәні	ОПҚ	Тақырыбы	Мерзімі	Ауд.
1.	Ағылшын тілі	Ағылшын тілі (A1)	У.Сейткасимов	Unit 7. My favourites	04.12.2024	4-102
2.	Қазақ, орыс тілдері	Қазақ тілі (A2)	Г.Арысова	Қалаға саяхат	03.01.2025	2-206

Келесі кезекте ОӘК төрағасы: «2024-2025 оқу жылының желтоқсан, қаңтар айларының өзара сабаққа қатысу кестесіне сәйкес орталық оқытушылары сабақтарға қатысып, талдау жасалынды. Бөлімдердің өзара сабаққа қатысу журналында қатысқан сабақтар бойынша талдау хаттамалары толтырылған. Сонымен бірге, журналдарда сабақтардың мақсаты, сабақ жоспарына сәйкес тақырыптың толық ашылуы, теорияның практикамен байланыстылығы, инновациялық және интерактивті әдістерді қолдануы, сабақтардың жетістіктері мен кемшіліктері, оқытушылардың кәсіптік және іскерлік шеберлігін арттыру үшін ұсыныстар мен қорытынды пікірлер көрсетілген».

Өзара сабаққа кіру жоспарының желтоқсан, қаңтар айларында орындалуы

2-кесте

№	Бөлімі	Саны
1.	Қазақ, орыс тілдері	1
2.	Түрік тілі	4
	Барлығы	5

Орталық директоры А.Зөхре ОПҚ-ның ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтары мен өзара тәжірибе алмасу жоспарының орындалу барысы ОӘК төрағасы мен бөлім басшылары тарапынан жіті қадағаланып, сапасы арттырылуын тапсырды.

ШЕШІМ: 2. ОПҚ-ның ашық сабақтары мен өзара тәжірибе алмасу (өзара т.б.) жоспарының орындалу барысы қадағалансын, сапасы арттырылсын. (Жауапты - ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева, бөлім басшылары)

3. Орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева: «Біліктілікті арттыру мақсатындағы оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысына тоқталсақ, бөлімдерде жыл бойына оқу-әдістемелік семинар өту жоспарланған, семинар тақырыптары қазіргі сабақтың сапасын көтеруге, сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігіне, тыңдаушының белсенділігін арттыруға, тыңдаушының өзіндік жұмысын атқарудағы оқытушының бағыты, тілді меңгерудің тиімді жолдары т.б. тақырыптардан тұрады. Бөлімдерде жоспарланған семинарлар ұйымдастырылып, практикалық сабақта қолданылатын инновациялық әдістер жайлы пікір алмасып және оны оқу үдерісіне қолдануда, оқу үдерісінде пәндер бойынша соңғы жылдары шыққан халықаралық дәрежедегі оқулықтардан ақпараттар, ғылымның соңғы жетістіктері мен түрлі платформалардың мүмкіндіктерін пайдалану талап етіліп отырады. Осы мақсатта орталықтың ОӘК тарапынан оқытушылардың практикалық сабақтар жүргізу сапасы қадағаланады. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік семинарлар кестесіне сәйкес орталық оқытушылары семинарларға қатысып, талдау жасалынып келеді. Бөлімдерде өтілген семинарлар бойынша талдау хаттамалары толтырылған».

Орталық директоры А.Зөхре бөлімдерде жүргізілетін пәндер бойынша әдістемелік нұсқаулардың жағдайы мен практикалық сабақтардың мазмұндылығы, өту сапасын арттыру мақсатында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді іздену қажеттігін, ол үшін семинар-тренингтер санын көбейту қажеттілігін, тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабақтарға қатысып, ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар санын көбейтуді тапсырды. Сонымен бірге түрлі онлайн-семинарларға да қатысуға болатындығын атап өтті.

Әдістемелік семинарлар жоспарының орындалуы туралы

3-кесте

№	Бөлімі	Саны
1.	Қазақ, орыс тілдері	5
2.	Түрік тілі	1
3.	Ағылшын тілі	1
	Барлығы	7

ШЕШІМ: 3. Бөлімдерде жүргізілетін пәндер бойынша практикалық сабақтардың мазмұндылығы мен өту сапасын арттыру мақсатында семинар-тренингтер өткізілсін, (Жауаптылар – Бөлім басшылары, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

4. Орталықтың 2024-2025 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының жоспар бойынша орындалу барысы туралы хабарлама жасау үшін сөз алған орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева Қазақ, орыс тілдері бөлімінің оқытушылары С.Джалетова, Г.Мұсабекованың Филология факультеті Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы ф.ғ.к., доцент А.Байтуовамен бірге дайындаған «Русский язык: Элементарный уровень А1 для иностранной аудитории» атты оқу құралы өткен айда университет сарапшылары тарапынан кейбір фотосуреттерге сын-ескертпелер жасалуына (интернеттен немесе жеке тұлғалардың фотосуреттерін рұқсатсыз пайдаланбау) байланысты АҚ кеңесінде қаралмағандығын, аталған ескертулер түзетілгенін ескерте келе, оқу құралын талқылауға ұсынды.

Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы А.Мырзаханова оқу құралы бөлім мәжілісінде талқыланып, орталық сарапшылары тарапынан тексерілгендігін, антиплагиаттан өткендігін, ішкі пікір, сыртқы пікір барлық құжаттамасы дайын екендігін айта кетті.

Орталық ОӘК мүшелері оқу құралын талқылай келе, ақпан айында өтетін университеттің ОӘК мәжілісіне күн тәртібіне талқылауға ұсынуға болады деп бірауыздан қолдады.


ШЕШІМ: 4. Қазақ, орыс тілдері бөлімінің оқытушылары С.Джалетова, Г.Мұсабекованың Филология факультеті Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы ф.ғ.к., доцент А.Байтуовамен бірге дайындаған «Русский язык: Элементарный уровень А1 для иностранной аудитории» атты оқу құралы университеттің кезекті ОӘК мәжілісіне талқылауға ұсынылсын. (Жауаптылар: Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы А.Мырзаханова, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

5. Әртүрлі мәселелер бойынша үлгерімі төмен тыңдаушылармен жұмыс түрлерін талқылау мақсатында сөз алған орталық директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев қазіргі уақытта тыңдаушылар А1 деңгейінің емтихан нәтижесі бойынша жинаған ұпайларына қарай топтарға орналастырылғанын ескерте келе, бөлім басшыларына А1 деңгейіндегі топтардағы практикалық сабақтардың маңыздылығын ескерте кетті.

Бөлім басшылары үлгерімі төмен тыңдаушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және сапасын бақылау мақсатында бөлімдегі мәжілісте тапсырмалар талқыланып бекітілгендігін, өзіндік жұмыстардың тақырыптары практикалық сабақтарда қамтылмаған тақырыптарды тыңдаушыларға игерту мақсатында жүргізіліп, өзіндік жұмыстарды орындау арқылы тыңдаушылар өз бетінше ізденістер жасай алатындығын атап өтті. Сонымен бірге барлық деңгейдегі тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары реферат, баяндама және деңгейлі тапсырмалар түрінде өтілетіндігін де ескертті.

Орталық директоры А.Зөхре үлгерімі төмен тыңдаушылармен жұмыс түрлері жоғары деңгейде жүргізілуін бөлім басшыларына, қадағалауды оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаевқа жүктеді.

ШЕШІМ: 5. Үлгерімі төмен тыңдаушылармен жұмыс түрлері жоғары деңгейде жүргізілсін. (Жауаптылар – Бөлім басшылары, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)

Орталық директоры:  А.Зөхре
Орталық ОӘК төрағасы:  Ү.Ыбыраева